

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 15-2 "2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 18-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 шілдеде № 5278 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 23-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 06.03.2019 № 23-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 15-2 "2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4984 тіркелген, 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 117 182 295 мың теңге:

салықтық түсімдер – 37 844 773 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 371 781 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 77 964 741 мың теңге;

2) шығындар – 117 107 707 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 13 164 365 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 16 005 598 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 841 233 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -13 089 777 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –13 089 777 мың теңге;

қарыздар түсімі – 15 729 281 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 3 208 721 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 569 217 мың теңге.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 6, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 21-баптары қаперге және басшылыққа алынсын:

1) 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің түсімі және кредиттердің жалпы сомасы 31 737 703 мың теңге көлемінде қарастырылсын:

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 116 624 мың теңге;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 50 315 мың теңге;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге –2 265 659 мың теңге;

ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 271 140 мың теңге;

салауатты өмір салтын насихаттауға – 87 958 мың теңге;

вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға – 869 295 мың теңге;

жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға – 95 621 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге – 4 405 мың теңге;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 51 631 мың теңге;

"Инватакси" қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 33 477 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 156 616 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызмет көрсетуге – 28 767 мың теңге;  
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне – 519 605 мың теңге;  
халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі  
консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 115 897 мың теңге;  
жалақыны ішінара субсидиялауға – 117 885 мың теңге;  
жастар практикасына – 194 805 мың теңге;  
ақпараттық жұмысқа – 1 953 мың теңге;  
жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға берілетін мемлекеттік гранттар – 6  
253 мың теңге;  
техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге – 75 700  
мың теңге;  
кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу  
жөніндегі көрсетілетін қызметтерге – 50 400 мың теңге;  
мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға  
жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға – 272 мың теңге;  
жаңалық телебағдарламаларының трансляциясын сурдоаудармамен  
сүйемелдеуді қамтамасыз етуге – 10 712 мың теңге;  
көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға – 3 049 099  
мың теңге;  
мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде  
жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 772 мың теңге;  
агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт  
шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық  
мөлшерлемені субсидиялауға – 3 534 мың теңге;  
ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық  
жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы  
мөлшерлемелерін субсидиялауға – 1 085 344 мың теңге;  
агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген  
қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының  
сомасын субсидиялауға – 7 200 мың теңге;  
инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен  
шығыстардың бір бөлігін өтеуге – 2 847 018 мың теңге;  
ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен  
жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру  
жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға – 282 902 мың теңге;  
ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы  
мөлшерлерін ұлғайтуға – 83 579 мың теңге;  
ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге  
– 399 095 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 208 875 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 1 817 402 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 2 750 529 мың теңге;

елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 3 330 513 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 1 357 451 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамытуға – 2 162 212 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін кредит беруге – 1 445 874 мың теңге;

облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беруге – 279 379 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін кредит беруге – 4 014 528 мың теңге;

жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беруге – 1 487 407 мың теңге.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерден трансферттердің түсімдері:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты – 1 898 732 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты – 569 624 мың теңге;

2017 жылы бөлінген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтаруға байланысты – 90 766 мың теңге;

2017 жылы толық пайдалануға рұқсат етілген 2016 жылы бөлінген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтаруға байланысты – 852 мың теңге;

бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда 2017 жылғы жалпы сипаттағы трансферттердің сомасын қайтаруға байланысты – 1 191 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтаруға байланысты – 35 229 мың теңге көзделсін.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерден трансферттердің көрсетілген сомаларының облыстық бюджетке түсімдері Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін 2018 жылдың кірістерін бөлу нормативі төмендегі кіші сыныптар кірістері бойынша белгіленсін:

1) жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі – 23,1%; Орал қаласы – 67,4%; Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Зеленов, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%;

2) әлеуметтік салық аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі – 20,8%; Орал қаласы – 68,5%; Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Зеленов, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге облыстық бюджет қаражат есебінен бөлінетін нысаналы даму трансферттері және ағымдағы нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 11 016 158 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін, соның ішінде:

6 536 537 мың теңге – ағымдағы нысаналы трансферттер;

4 479 621 мың теңге – нысаналы даму трансферттері.

Аталған сомаларды аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге бөлу Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. 2018 жылға арналған облыстың жергілікті атқарушы органдарының резерві 558 373 мың теңге көлемінде бекітілсін.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Облыстық мәслихат*  
*хатшысы*

*И.Илимисов*

*М.Құлшар*

2018 жылғы 29 маусымдағы  
Батыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының № 18-1 шешіміне  
қосымша

2017 жылғы 6 желтоқсандағы  
Батыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының № 15-2 шешіміне  
1 – қосымша

## 2018 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	117 182 295
1			Салықтық түсімдер	37 844 773
	01		Табыс салығы	13 330 101
		2	Жеке табыс салығы	13 330 101
		03	Әлеуметтік салық	21 382 803
		1	Әлеуметтік салық	21 382 803
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 131 869
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 544 086
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	587 783
	07		Басқа да салықтар	0
		1	Басқа да салықтар	0
2			Салықтық емес түсімдер	1 371 781
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	100 066
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	3 300
		4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	6 900

	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	33 400		
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	56 466		
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 271 715		
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 271 715		
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 000		
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 000		
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 000		
4		Трансферттердің түсімдері	77 964 741		
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	2 596 394		
	2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	2 596 394		
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	75 368 347		
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	75 368 347		
	03	Облыстық бюджеттеріне, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне берілетін трансферттер	0		
	1	Облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерімен өзара қатынастары	0		
Функционалдық топ					
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	117 107 707
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 420 374
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 876 362
		110		Облыс мәслихатының аппараты	40 656
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40 656
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 639 555
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 271 042
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	255 956
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	15 132

		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	4 374
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	93 051
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	196 151
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	196 151
2			Қаржылық қызмет	187 789
	257		Облыстың қаржы басқармасы	145 083
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 051
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	12 032
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	42 706
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 706
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	215 587
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	215 587
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 969
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	89 618
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	140 636
	269		Облыстың дін істері басқармасы	140 636
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	86 999
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	53 637
02			Қорғаныс	325 739
1			Әскери мұқтаждар	74 920
	120		Облыс әкімінің аппараты	74 920
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	36 006
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	38 914
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	250 819
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 820
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	1 820
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	248 999
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	189 486
		003	Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	4 502
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	55 011
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4 856 406
1			Құқық қорғау қызметі	4 856 406



	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	4 404 656
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 067 094
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 900
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	207 827
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	52 421
	014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	26 717
	015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	46 697
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	451 750
	003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	451 750
04		Білім беру	17 745 502
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	7 274 576
	261	Облыстың білім басқармасы	4 989 980
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 102 011
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	970 030
	055	Балаларға қосымша білім беру	270 198
	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	163 171
	071	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 219 670
	072	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	264 900
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 093 377
	069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	54 500
	079	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	279 644
	086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	759 233
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 191 219
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	858 338

		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	332 881
4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	5 693 621
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	300 480
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	300 480
	261		Облыстың білім басқармасы	5 383 141
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	5 383 141
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	10 000
		099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	10 000
5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	560 270
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8 263
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	8 263
	261		Облыстың білім басқармасы	552 007
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	552 007
6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	192 583
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	40 000
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	40 000
	261		Облыстың білім басқармасы	152 583
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	152 583
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	4 024 452
	261		Облыстың білім басқармасы	4 024 452
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	92 160
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	54 022
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	124 063
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	103 551
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	348 378
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	20 742
		029	Әдістемелік жұмыс	62 760
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	104 900

		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 113 876
05			Денсаулық сақтау	3 576 174
	2		Халықтың денсаулығын қорғау	311 252
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	302 856
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	102 510
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	87 958
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	112 388
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	8 396
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	8 396
3			Мамандандырылған медициналық көмек	1 088 188
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 088 188
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 088 188
4			Емханалар	10 574
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	10 574
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	10 574
5			Медициналық көмектің басқа түрлері	33 324
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	33 324
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	33 324
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2 132 836
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 132 836
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	126 334
		008	Қазақстан Республикасында жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	95 621
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	84 086
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	28 795
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	9 800
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	1 788 200
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4 588 269
		1	Әлеуметтік қамсыздандыру	2 638 220

	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 337 175
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	791 082
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	591 646
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	318 945
	049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	519 605
	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	115 897
	261	Облыстың білім басқармасы	296 389
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	278 887
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	17 502
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 656
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	4 656
2		Әлеуметтік көмек	464 295
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	464 295
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	464 023
	055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	272
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	1 485 754
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 312 110
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 475
	017	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 405
	018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	6 422
	019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	1 953
	037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек	759 171

		нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	
	044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	6 929
	045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	314 747
	046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	4 977
	053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	50 400
	054	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	51 631
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	26 780
	077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	26 780
	266	Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	86 963
	013	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке оқыту	86 963
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	772
	045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	772
	270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	59 129
	001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	54 255
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 874
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	15 119 309
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	6 439 867
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	6 439 867
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 877 977
	027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 561 890
	2	Коммуналдық шаруашылық	8 630 541
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 822 150

		015	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	478 292
		030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	106 731
		058	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 237 127
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 808 391
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 137
		004	Елді мекендерді газдандыру	1 637 180
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 140
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	1 000 427
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	597 417
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	492 090
3			Елді-мекендерді көркейту	48 901
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	48 901
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	48 901
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5 205 445
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	1 592 434
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	1 540 012
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 012
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	341 051
		004	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	102 572
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	358 178
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	574 269
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	59 801
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	45 129
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	52 422
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	52 422
	2		Спорт	2 249 316
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	276 851
		017	Спорт объектілерін дамыту	276 851

	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 972 465
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 042
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	59 809
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 843 967
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	23 647
3		Ақпараттық кеңістік	1 010 801
	262	Облыстың мәдениет басқармасы	218 000
	008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	218 000
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	410 254
	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	410 254
	264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	126 903
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30 660
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	95 291
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	952
	739	Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы	255 644
	001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 067
	003	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	128 500
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	107 077
4		Туризм	15 551
	266	Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	15 551
	021	Туристік қызметті реттеу	15 551
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	337 343
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	122 704
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	117 114
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 760
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 830
	283	Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	214 639
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	38 378
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	172 261
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 000
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	405 931
1		Отын және энергетика	405 931

	254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	405 931
	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	405 931
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9 654 889
	1	Ауыл шаруашылығы	8 474 015
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	8 160 665
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	102 042
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	192 370
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 015
	014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	29 431
	020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	792 040
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	56 497
	041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	50 156
	045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	15 001
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	1 325
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	61 300
	048	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру	17 531
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	2 847 018
	053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	2 601 937
	054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	7 200
	055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	3 534
	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	1 085 344
	057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	89 775



		059	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау	25 016
		060	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	154 414
		061	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау	22 719
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	313 350
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 223
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	5 795
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	232 332
2			Су шаруашылығы	15 099
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	15 099
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	15 099
3			Орман шаруашылығы	532 825
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	532 825
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	525 709
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	7 116
4			Балық шаруашылығы	4 824
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	4 824
		034	Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	4 824
5			Қоршаған ортаны қорғау	541 856
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	369 512
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 143
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	194 405
		017	Табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру	61 438
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	24 325
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	27 201
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	172 344
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	172 344
6			Жер қатынастары	86 270
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	37 841
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 270
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 571
	725		Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	48 429
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 630
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 799
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	460 186

2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	460 186
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	417 990
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 889
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	559
	114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	305 542
	724	Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	42 196
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 990
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 206
12		Көлік және коммуникация	10 808 986
	1	Автомобиль көлігі	8 421 007
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	8 421 007
	002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	2 066 327
	003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	386 762
	007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 399 900
	025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	4 223 918
	027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	344 100
	9	Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	2 387 979
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2 387 979
	001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 918
	005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	226 368
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 055 090
	114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	45 603
13		Басқалар	2 687 469
	3	Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	1 684 690
	266	Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	1 684 690
	005	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	47 000

		010	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	1 477 690
		011	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	94 000
		027	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	66 000
9			Басқалар	1 002 779
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	267 562
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	267 562
	257		Облыстың қаржы басқармасы	558 373
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	558 373
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	77 391
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	77 391
	266		Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	99 453
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 468
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	985
14			Борышқа қызмет көрсету	27 047
	1		Борышқа қызмет көрсету	27 047
		257	Облыстың қаржы басқармасы	27 047
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	24 118
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2 929
15			Трансферттер	39 225 981
	1		Трансферттер	39 225 981
		257	Облыстың қаржы басқармасы	39 225 981
		007	Субвенциялар	35 952 058
		011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	44 409
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	3 139 804
		049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	43 629

		052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	852
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	45 229
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	13 164 365
			Бюджеттік кредиттер	16 005 598
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	0
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	0
		266	Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	0
		006	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10 265 817
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	10 265 817
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	8 778 410
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	8 778 410
		279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 487 407
		046	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	1 487 407
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	5 460 402
	1		Ауыл шаруашылығы	4 014 528
		255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	4 014 528
		037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	4 014 528
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	1 445 874
		258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	1 445 874
		007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	1 445 874
13			Басқалар	279 379
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	279 379
		266	Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	279 379

			069	Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	279 379	
Санаты					Сомасы , мың теңге	
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Атауы						
1	2	3	4	5	5	
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 841 233	
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 841 233	
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2 624 026	
		2		Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	217 207	
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0	
Функционалдық топ					Сомасы , мың теңге	
Функционалдық кіші топ						
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі						
Бағдарлама						
Атауы						
1	2	3	4	5		6
				Қаржы активтерін сатып алу		0
13				Басқалар		0
	9			Басқалар	0	
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	0	
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0	
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	0	
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0	
Санаты					Сомасы , мың теңге	
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы						
1	2	3	4	5		6
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0	
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-13 089 777	
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	13 089 777	
7				Қарыздар түсімдері	15 729 281	

01				Мемлекеттік ішкі қарыздар	15 729 281
	1			Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	8 502 093
			10	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер	8 502 093
	2			Қарыз алу келісім-шарттары	7 227 188
			02	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	7 227 188
<b>Функционалдық топ</b>					
Функционалдық кіші топ					Сомасы , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	3 208 721
	1			Қарыздарды өтеу	3 208 721
		257		Облыстың қаржы басқармасы	3 208 721
			008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	1 635 807
			015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1 355 709
			018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	0
			057	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	217 205
<b>Санаты</b>					
Сыныбы					Сомасы , мың теңге
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	569 217
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	569 217
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	569 217
			01	Бюджет қаражаттарының бос қалдықтары	569 217

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК